

2. Кенжебаев.Б. «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері».- Алматы, Ғылым. 1973 ж.
3. Қожа. М. «Қисаси Рабғузий» авторының туған жері- Рабат Оғыз қытағы қайда?». – Жас қазақ үні, №11(280), 2007 ж
4. Сағындықұлы Б. «Ғаламның ғажайып сырлары». –Алматы, Ғылым. 1997ж

ӘОЖ 811.512

«Мұхаббатнаме» жазба ескерткіші тілін тарихи-салыстырмалы зерттеу мәселелері

**Қыдырбекова Іңкәр
Сулейман Демирел университеті
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 3 курс студенті**

Аннотация

Бұл мақала, XIV ғ. қыпшақ ақыны Хорезмидің «Махаббатнаме» ескерткішіне қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, тарихи салыстырмалы анализ шығарма тілін қазіргі қазақ тілі деректерімен салыстырғанда анықталатын фонетикалық ерекшеліктер мен қазақ ақындарының поэтикалық шығармаларының материалында қарастырылады.

Біз «Мұхаббатнамені» түп-тамырын V-VIII ғасырлардан алатын ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар берідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты жәдігерлік деп қараймыз.

“Мұхаббатнамеге” алғаш назар аударған ғалым А. Н. Самойлович. Ұйғыр әрпімен көшірілген нұсқасын белгілі кеңес ғалымы А. М. Щербак тілдік тұрғыдан зерттеген. “Мұхаббатнаменің” екі нұсқасын салыстыра отырып, араб әрпімен жазылған нұсқасын қазіргі әріптермен транскрипциялап, орыс тіліне аударып, жан-жақты зерттеген көрнекті түркітанушы Әмір Нәжіп. Соңғы жылдары “Мұхаббатнаме” дастанын зерттеумен өзбек әдебиеттанушылары да айналысып жүр. Мысалы, өзбек ғалымдары С. Касимов, В. Валиходжаев, Н. Маллаев, т.б. бұл дастанға қатысты бірқатар еңбек жариялады.

А. Қыраубаева ескерткішті қазақ тіліне аударып, әдеби қырынан талдаса, А. К. Ахметбекова дастанның сопылық ағымға қатысты мәнін, Қ. Сейітжанов “Мұхаббат-нама”, “Хұсрау - Шырын” Мәснауи поэмаларының жанрлық ерекшеліктерін, С. Иманбердиева Хорезмидің “Мұхаббатнаме” шығармасындағы ономастикалық кеңістікті, яғни ондағы онимдердің лингвомәдени бірлік ретіндегі қолданысын қарастырды. Ал біз бұл мұрағаттың тілдік жүйелік ерекшеліктеріне тоқталдық.

Дастанның авторы – Хорезми. Ақынның толық аты-жөні, туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Оның Сыр бойындағы кенттердің бірінен шыққандығын дастанның мына жолдарынан аңғарамыз:

473. «Мұхаббатнаме» жырын біттім мұнда,

Бәрін де жаздым Сырдың жағасында.

Мәтінде мұраның қай жылы аяқтағандығы жөнінде мынадай мәлімет бар:

430. Бұл кітабым болып тұр Мысыр қанты,

Жеті жүз елу төртінші жылы аяқталды.

«Мұхаббатнаме» дастаны 946 жол, яғни 473 бәйіттен тұрады. Барлығы он бір арнау өлең. «Хикая»-58 жол. Ақын алғашқыда он бір емес, он арнау өлең жазбақшы болған да, ол ойын кейін өзгерткен. Оны мына бәйіттен көруге болады.

382. Сөз осыған жетті тамам болды,

Бұрын он тарау деп едім, енді он бір болды.

Дастанның 4, 8, 11 арнаулары парсы тілінде жазылған.

Дастанды мынадай тақырыптық бөлімдерге бөлуге болады:

1.Тәңірді мадақтау.

2.Хан Мұхаммед Қожабектің сипаты.

3.Жігіттің сүйген қызына сезім, сырын білдіретін ғашықтық арнау өлеңдері.

4.Дастанды аяқтау.

Шығарма бөлігін байланыстырып отырған маңызды образ – Хорезми. Мәтінге статистикалық талдау жасасақ, Алла есімі-6 рет, Мұхаммед Қожабек есімі - 8 рет, «Мұхаббатнаме» атауы – 7 рет, ал Хорезми есімі - 20 рет, гауһар сөзі -9 рет, гүл сөзі - 35 рет, сұлу сөзі – 38 рет жұмсалады. Сондай-ақ шығармада *шекер, жамал, сұлтан, махаббат, шаш* сөздері жиі ұшырасады.

Шығарма тілін қазіргі қазақ тілі деректерімен салыстырғанда анықталатын фонетикалық ерекшеліктердімынадай кесте түрінде көрсетуге болады:

1-кесте

«Мұхаббатнаме» мәтінінен үзінді	Қазіргі қазақ тілі лексикасымен салыстырмасы	Қазіргі қазақ тілі фонетикасымен салыстырмасы
Түн ақшам ким көрунди бәйрәм айы Мұхаммәд -Хожа-бек дәвләт хумайы. Мейрам кешінде аспанда ай көрінгенде, Мұхаммед Қожабек – мемлекет әміршісі:	Бәйрәм - Мейрам Көрунди-көрінгенде	Б - М У - І
Буйурды өрга шадырван урулды, Кәдәх келтурди лар мәжлис курулды. “Төбеге шатыр тігілсін!” деп әмір етті, Шарап әкелді, мәжіліс құрылды.	мәжлис курулды - мәжіліс құрылды	И - І К – Қ У - Ұ
Хусәйни пәрдәси узрә түзүб саз Муғәнни бу ғәзәлни қылды ағаз. Аспаб пернесін “хұсайын” сазына келтіріп, Әнші осы ғазалды әуенді етіп айтты.	Ғәзәлни- ғазалды	Ә - А
...Тәбәссүм қылды, айды: ей фәлани,	Бизга - Бізге	И – І

Кетүргил бизга лайық әрмәғаны. ...Ол (Мұхаммед Хожабек) күлімсіреп сөйледі: Ақыным бізге лайықты тарту жаса – деді.		
Кәбул қылдым, йир өптим, айдым: ей шах, Иши киң топрақы дәвләт ли дәргах. Тілегін қабылдадым, жер сүйіп айттым: Ей, шах, сенің босағанда болу - мен үшін бақыт.	Айдым – айттым	Д - Т
Тилармин ким бизнің тил бирла пәйда. Китаби әйласаң бу қыш қатым да. Тілегім – өз тілімізде жыр жазсаң, Ол кітабыңды осы қыста қасымда жүріп жазсаң.	Тилармин – Тілегім қатым да - қасымда	И – І Т- С
Зехи әрслан йүәк Қоңрат уруғы, Кичик йашдин улығ ларның улуғы. Қоңырат руынан шыққан айбарлы арыстаным, Сен сәби шағыңнан-ақ ұлылардың ұлысысың.	әрслан - арыстан	Ә - А Ы - дыбысының түсіріліп айтылуы, жазылуы
Сә'адәт м'дәни иқбал гәнжи,	аләм күвәнжи - әлемнің қуанышысың	А - Ә

Мухәммәд-Хожа-бек әләм күвәнжи. Қуыныш пен ләззаттың қайнар бұлағы сен, Мұхаммед Қожабек әлемнің қуанышысың.		Ә - Е Ү -У
Аның ким ал иңдә мең йәратты, Бойы бирла сачыны тең йәратты. Бетіне оның (тәңірім) мең жаратты Шашы мен бойын тең жаратты.	Йәратты - жаратты	Й - Ж
Ики йақтау гәвхәр әләм ға бергән. Мухәббәт гәнжини адәм гә бергән. Екі жарық ғауһарды әлемге берген Махаббат қазынасын адамға берген.	Ики – Екі Бергән – берген Гәвхәр ғауһар әләм ға, адәм гә Әлемге, адамға	И – Е Ә - Е Г – Г,Ә – А, В- У, Х-Һ Түпнұсқада септік жалғаулары бөлек жазылса, аудармада бірге жазылған
Хәва үзрә берур шунқарға күны, Толун ай дек қылур бир кәтрә суны. Аспанда берер сұңқарға қуды Толғанайдай етер біртамыш суны.	Суны- суды	Н – Д жалғаулардағы дыбыс алмасулар

Түркі тілінде:

*Кім ош йел тек кечар аййамы фәни,
Жаһанда қалса біздің армағаны.*

Аудармасы:

Фәни күндер өте шығар желдей жүйрік,

Қалсын мұра жаһанға бізден сыйлық.

*Мұхаббаттын тұғар мың түрлі әсрар,
Көңұл әсрарыны жан бірла асрар.*

*Махаббаттың мың түрлі құпиясы бар,
Жүрек оны жан шыққанша жасырар.*

*Мұхаббаттын тұғар мың түрлі әсрар,
Көңұл әсрарыны жан бірла асрар.
Махаббаттың мың түрлі құпиясы бар,
Жүрек оны жан шыққанша жасырар.*

*Ләтиф уы назук уа Иусуф лықасын
Зарафат бірла аламда әләмсін.*

*Сымбаттысың Жүсіп жүзді нәзіксің,
Бір ғаламда сұлулардың жалауы боп қалыпсың.*

Қазіргі қазақ тілінде кеңінен қолданылатын төмендегідей теңеулер ескерткіш мәтінінде жиі ұшырасады:

44. *Бал-шекердейтәтті* тоты тіліңіз,
Түсірді ауға неше жандар құмайын,

47. Өзің деп келген Хорезмиді есірке,
Ескіргеніндей шаһтардың құлы менен малайын,

76. Соғысқа кірер *бейне тойға кіргендей*
Ашыққан бөрі қойға кіргендей.

Әкем қағанның қосыны *бөрідей болыпты*,
Жаулары қойдай болыпты (Орхон-Енисей ескерткіші).

Қойға тиген қасқырдай,
Алқымынан тамақтап.
(«Қобыланды»)

Хорезми көрікті сөз кестелерінде мынадай метафораларды пайдаланған:

Ғашықтықтан танды естен көктің өзі,
Ай-сенің жүзің, Зүһра- сырғанның көзі.

О, күн секілді күллі әлем шырағы,
Нұр жүзіңіз- жұмақтың гүл бағы.

Мың жан сенің сымбатыңның пидасы,
Қарашығым- бір қалыңның пидасы.

Қос бұрымың,- көңілімнің панасы,
Қос босағаң- жанымның сәждеханасы/1;100/.

«Дастан бізге нені үйретеді?» деген сұраққа Алма Қыраубаеваның «Дастанның әдеби, тілдік, тарихи тұрғысынан маңыздылығын ескеру. Сондай-ақ бұл дастанды оқу арқылы біз бүгінгі қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өмірге келу жолдарын, *қазіргі қазақ тілінің даму сатыларын, халқымыздың өткендегі әдет-ғұрпын, салт-санасын*, т.б тереңірек ұғынатын боламыз» деген тұжырымымен жауап беруге болады/1;211/.

Ескерткіштегі бейнелі қолданыстарды қазақ поэзиялық шығармалары қорындағы айшықты бірліктермен салыстырар болсақ, мынадай ұқсастықтар мен параллельдерді көрер едік:

«Мұхаббатнамеде»:

273. Сөзің - Шырын, өзің – Хұсраудан да мырзасың,
Ләйлі сенің жүзіңнен болар Мәжнүн.

279. Саған деген ғашықтықтан жүрегімнен ағар қан
Жамалыңның тамашасын қалар жан.

«Сырым қызға» арналған жырда:

«Баласы текті атаның Сырым айым,
Қылды ғашық жамалыңа бір құдайым.
Көрмекке, Сырым сені болдым ғашық,
Бұрынғы өткен Ләйлі – Мәжнүндайын» /2; 192/.

«Мұхаббатнамеде»:

341. Ащы сөзің қырым балына ұқсайды,
Сұлулықтың күні қысқа, гүл таңына ұқсайды

«Сырым қызға» арналған жырда:

Ашылған екі бетің қызыл гүлдей,
Дал болар көрген адам есін білмей.
Әлде қандай адамға қор боласың?
Қалың кара бұлтқа кірген күндей /2; 193/.

Қызыл империя билігі кезінде профессор Бейсембай Кенжебаев: «Хорезми осы поэмасында дінді, о дүниені мадақтамайды. Осы дүниенің тәттілігін жырлайды. Аз ғана күндік тіршіліктің қызығын о дүниеден, ұжмақтан артық санайды. Тәңірге тіл тигізеді», -деп қатты сынаған болатын, алайда бұл пікірдің асығыс жасалғандығын «Мұхаббатнамеге» арналған кейінгі лингвокогнитивтік және лингвосомиотикалық зерттеулердің /3; 4/ қорытындылары көрсетіп отыр. Ол еңбектерде «Мұхаббатнаменің» нағыз діни таныммен байланысты қырлары, лингвокогнитивтік және теологиялық семантикалық мәні жан-жақты ашылған. Профессор Ә.Н.Нәжіптің «Кипчакско-огузский литературный язык Мамлюкского Египета» деген еңбегінде келтірілген тұжырымы бойынша, «...Алтын орда ескерткіштері тек бір халық, бір тайпа ғана емес, түркі халықтарының бәріне ортақ игі мұра...» екендігін ескерсек, «Мұхаббатнамеде» ашылуын күтіп жатқан талай сырдың бар екені анық. Ал шығарманың тілдік ерекшеліктерін әр қырынан зерттеп, қазіргі кездегі мәнін анықтау – біздің тарихи тіл біліміне қосқан шағын үлесіміз болып табылады.

Статья посвящена изучению языковых особенностей письменного памятника XIV века «Мухаббатнаме» кипчакского поэта Хорезми. Автор, применяя метод сравнительно-исторического анализа, определяет сходства и некоторые фонетические, лексические, морфологические различия в языковой системе памятника и современного казахского языка, а также рассматривает общие тенденции развития литературного языка на материале поэтических произведений казахских акынов.

This article deals qualities of written memorial of XV century «Muhabbatname», the kipchak poet Horezmi. Author, using methods of comparative-historical analysis, defines commons and some phonetic, morphological and lexical differences in language system of memorial and modern kazakh language. And also distinguishes common in the poetic materials of kazakh poet.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қыраубаева А. “Ежелгі дәуір әдебиеті”. – Алматы, 1991 ж

2. Байзақов М. «Сырым қызға», «Ай заман-ай, заман-ай»
3. Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік (12-14 ғғ. түркі жазба ескерткіштері материалында зерттеу). –Астана, 2010.
4. Сүйеркүл Б. Хорезмидің "Мұхаббатнамесіндегі" (XIV ғ.) лингвосемиотикалық кеңістік. Монография. –Алматы: Дайк-Пресс, 2011.

**ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ**

“ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖАСТАР КӨЗІМЕН”

ULU ŞAİR ABAY KUNANBAYEV

Ауелбекова Шынар
Сулейман Демирел университеті
PhD. Аға оқытушы
Сатыш Анара Қуатқызы
Экономика факультеті
Қаржы бөлімінің 1 курс студенті